

**«Ақтөбе қаласының жаңа КҚС-11.1 салу арқылы КҚС-11
реконструкциялау» жұмыс жобасы бойынша ведомстводан
тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған
электрондық шарт №**

Астана

**"Aqtobe su-energy group" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші»
деп аталатын, оның атынан 2026 жылғы 5 қаңтардағы №138 сенімхат негізінде
әрекет ететін Сумен жабдықтау және канализация жөніндегі бас инженер АЗАМАТ**

**ДАНИЯР КУАНЫШЕВИЧ, бір тараптан, және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп
және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
(«Мемсараптама» РМК), бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, оның атынан Жарғы
негізінде әрекет ететін Бас директор КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ, өзге
тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталып, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024
жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабының 3 тармағының 25)
тармақшасына сәйкес, 2026 жылғы 03 тамыздағы №01-03/03118 өтінім-хаттың
негізінде осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және төмендегілер туралы
келісімге келді.**

1. Шарттың мәні

**1.1. Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы «Ақтөбе қаласының жаңа
КҚС-11.1 салу арқылы КҚС-11 реконструкциялау» жұмыс жобасы бойынша (бұдан
әрі -Құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптама (бұдан әрі - сараптама
жұмыстары) жүргізуді өзіне алады.**

1.2. Сараптамалық жұмыстар орындалатын жер (шартты орындау жері)

**Орындаушымен (Орындаушының Астана қаласындағы орталық аппараттың
немесе оның аумақтық бөлімшелерінің (филиалдар) орналасқан жері бойынша)
«Мемсараптама» РМК-нің орталық аппаратында және аумақтық бөлімшелерінде
ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезінде құрылыс жобаларын бөлу
туралы» «Мемсараптама» РМК-нің 2026 жылғы 29 маусымдағы № 271 бұйрығының
негізінде белгіленеді.**



1.3. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) Ерекше шарттар (1-қосымша);

2) сараптама жұмыстары құнының есеп айырысуы (2-қосымша);

1.4. Шарт бойынша сараптамалық жұмыстар Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 15 мамырдағы № 240 бұйрығымен бекітілген жаңа ғимараттар мен құрылысжайларды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес (бұдан әрі - 240-Қағида) «Бір терезе» қағидаты бойынша жобаларды әзірлеуді және сараптауды ұйымдастыру үшін портал (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

1.5. Тапсырыс беруші құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін ұсынылған құжаттардың дұрыстығына жауапты болады.

2.Форс-мажор

2.1. Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау тежеусіз күш

жағдаяттарының, яғни, осы жағдаяттар кезіндегі төтенше және шарасыз жағдайлар

-

табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар және т.б. (форс-мажор) салдарынан мүмкін болмаса, Портал және электрондық ақпараттық жүйе техникалық себептермен қол жетімсіз болған жағдайда Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

Бұл ретте форс-мажор жағдаяттарына сілтеме жасаушы Тарап Шарт бойынша

міндеттемелерін тиісінше орындау форс-мажор жағдаяттарының салдарынан мүмкін

болмағандығын және ол Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қабылдағанын дәлелдеуі тиіс.

2.2. Егер Тапсырыс берушінің немесе Орындаушының бақылауында болмайтын

форс-мажорлық оқиға шарттың орындалуын бұзса, Тараптар Портал жұмысының



техникалық іркілісі туындаған жағдайларды қоспағанда, шарттың қолданылуын тоқтата тұру туралы келісімге қол қою арқылы Шарттың тоқтатылғанын жазбаша түрде куәландырады. Портал жұмысының техникалық іркілісі туындаған жағдайда Портал операторы болып табылатын Орындаушы Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы Құрылыс кодексінің 114-бабының 3-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 21 мамырдағы № 253 бұйрығымен бекітілген «Бір терезе» қағидаты бойынша жобаларды әзірлеуді және сараптауды ұйымдастыру үшін порталды жүргізу қағидаларына сәйкес (бұдан әрі - 253-Қағида) 253-Қағидада белгіленген іс-шараларды жүзеге асырады.

2.3. Егер Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген мән-жайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылатын болса, Тараптар Шартты орындауды тоқтатуға, Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Орындаушыға шарт бойынша нақты орындалған жұмыстардың құны төленеді.

3. Даулы мәселелерді шешу

3.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы тікелей келіссөздер барысында

Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындаған барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге барлық күш-жігерін салуы тиіс.

3.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, онда Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер

4.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында сыбайлас жемқорлықты ескерту және жемқорлықпен күрес ісінде ынтымақтастықта болуға жауапкершілік алады.

4.2. Осы Шарттың 4.1-тармағын орындау мақсатында, Тараптар өздеріне:

1) сыбайлас жемқорлық жағдайларын туғызатын құқық бұзушылық, құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуына байланысты сыбайлас жемқорлық жасағанмен бірдей болатын құқық бұзушылық жасамауға;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өкілеттігі мен міндеттерінен туындайтын шаралар қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметті бір-біріне тез арада хабарлауға міндеттеме қабылдап

алады. Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



4.3. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

4.4. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/ алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

4.5. Осы шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

4.6. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

4.7. Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілерді бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті.

4.8. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Шарт әрқайсысы бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

5.2. Шарт оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және Орындаушының есеп айырысу шотына шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде алдын ала төлем енгізілген күннен бастап күшіне енеді.

Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

5.3. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар шарт жасасу сияқты нысанда жасалады.

5.4. Тараптар шартты өзгертуге немесе бұзуға байланысты бір-біріне жіберетін хабарламалар, егер осы Шарттың талаптарында өзгеше белгіленбесе, Тараптардың электрондық мекенжайлары және (немесе) осы Шарттың 6-тарауында көрсетілген олардың орналасқан мекенжайлары бойынша жіберілуге тиіс.

5.5. Электрондық пошта мекенжайы немесе орналасқан жерінің мекенжайы, сондай-ақ осы Шарттың 6-тарауында көрсетілген қандай да бір Тараптың банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап осындай өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге және Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндетті. Басқаша болған жағдайда, Тарап кейіннен осы Шартқа сәйкес жіберілген тиісті хабарламаны немесе хабарламаны алмауға сілтеме жасау құқығынан айырылады және Тараптардың ескі мекенжайлар, банк деректемелері бойынша міндеттемелерін орындау тиісті және тиісінше деп есептеледі.

5.6. Шартта реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.



6.Тараптардың заңды мекенжайлары және банктік деректемелері

Тапсырыс беруші

«Aqtobe su-energy group» акционерлік қоғамы»

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы, 12 Б үй

Индекс: 030012

БСН/ЖСН: 931240000052

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

КБК:16

ЖСК:KZ666017121000000591

БСК: HSBKKZKX

Электрондық пошта:

oks.aqtobesu@yandex.ru

Телефон: +7 (7132)-55-81-72

Тапсырыш беруші:

Лауазымы: Сумен жабдықтау және кәріз су бұру жөніндегі бас инженер

АЗАМАТ ДАНИЯР КУАНЫШЕВИЧ

Орындаушы

«Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)»

Заңды мекен- жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Күртөбе тұйық көшесі,7 ғимарат

Индекс:010000

БСН/ЖСН:000540000235



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

КБК:16

ЖСК: KZ18601011100034259

БСК:HSBKKZKX

Электрондық пошта:

gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Телефон:+7(7172)57-44-84; +7(7172)57-42-36 (есеп бөлімі); + 7(7172) 23-56-97;
+7(7172)23-50-24 (жоспарлау-шарт бөлімі)

Төлемді тағайындау коды:859

Орындаушы:

Лауазымы: Бас директор

КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ

Шартқа № 1-қосымша

«Ақтөбе қаласының жаңа КҚС-11.1 салу арқылы КҚС-11

реконструкциялау» жұмыс жобасы бойынша ведомстводан

тыс кешенді сараптама жүргізу туралы шарттың

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАРЫ

1. Шарт бағасы және төлем тәртібі

1.1. Тапсырыс беруші Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары үшін

Орындаушыға 16% КҚС-ты қоса алғанда 3454135.48 ____, төлеуге міндеттенеді (бұдан әрі - Шарт бағасы).

Шарт бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а.

2026 жылғы 10 сәуірдегі № 163 бұйрығымен бекітілген Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстарының, сондай-ақ қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу құнын

айқындау қағидаларына (бұдан әрі - 163 қағидалар) сәйкес анықталды.



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1.2. Тапсырыс беруші Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған

және Орындаушы төлем шотын ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні

ішінде Орындаушының есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы Шарт бағасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде алдын ала төлем жүргізуге міндетті.

Төлем тапсырмасын ресімдеу кезінде төлем мақсатында міндетті түрде Шарттың нөмірі көрсетіледі.

Егер осы Ерекше талаптардың (1-қосымша) 1.2-тармағында белгіленген

мөлшерде және мерзімде алдын ала төлем Орындаушының есеп айырысу шотына

аударылмаса, Шарт заңды күшіне енбеген болып есептеледі, Тапсырыс берушінің

Құжаттама бойынша сараптама жүргізуге берген өтінімі Порталда автоматты түрде

бұғатталады, ал Құжаттама қарастырусыз қалдырылады. Бұл ретте Тапсырыс беруші

осы Шарт негізінде Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізуге қатысты

Орындаушыға қандай да бір талаптар қоюға құқылы емес.

1.3. Шарттың бағасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

1.4. Тапсырыс беруші авансты (алдын ала төлемді) төлеу күнінен кейінгі күн Орындаушы сараптама жұмыстарын бастаған күн болып табылады.

2. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

2.1. Тапсырыс беруші:

1) Құжаттама бойынша сарапшылардың ескертулерін берген күннен 10 жұмыс күндері* артық емес мерзімде Құжаттама бойынша сарапшылардың дәлелді ескертулерін жоюға, Порталға жүктеу арқылы оларға толық көлемде жауап беру;

*** Мерзім Қағидалардың 240 тармағына сәйкес белгіленеді.***

2) Орындаушының өтінімі бойынша ол белгілеген мерзімдерде Құжаттама



3) сараптама жұмысы нәтижесін сараптама қорытындысының тұжырымдарына қарамастан осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қабылдауға;
4) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген және Шарттың ережелерінен туындайтын өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

5) осы Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей оны қазынашылық органдарында тіркеуге жолдауға;

6) Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде аванстық төлемді төлеуге.

2.2. Тапсырыс беруші келесі құқықтарға ие:

- 1) Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттемелерін адал және тиісінше орындауын талап етуге;
- 2) жүргізілген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың нәтижелерімен келіспеген кезде сараптамалық қорытындыға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдануға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және Шарттың талаптарынан туындайтын өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

2.3. Орындаушы міндетті:

- 1) 240 қағидалармен белгіленген тәртіпте сараптама жұмыстарын жүргізуге;
- 2) Сараптама жұмыстары басталған күннен бастап 20 жұмыс күнінен* кешіктірмей Құжаттама бойынша Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының, қала құрылысы және техникалық регламенттердің, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың тармақтарына, баптарына сілтеме жасай отырып, сарапшылардың дәлелді және негізделген ескертулерін ұсынуға.

* Мерзім 240 қағидаларға сәйкес белгіленеді.



3) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізуге және сараптама жұмысы басталған күннен бастап, 45 жұмыс күнінен* аспайтын мерзімде сараптама қорытындысын беруге;

*** Мерзім 240 Қағидалаға сәйкес белгіленеді.**

4) Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Құжаттамаға сараптама жүргізу кезінде құпиялылықты сақтауға және қызметтік әрі коммерциялық құпияны қамтамасыз етуге;

5) осы Шарттың Ерекше талаптарының 3-тарауында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Тапсырыс берушіге сараптама нәтижелерін қарап шығу және қабылдау үшін ұсынуға;

6) сараптама жұмыстарының нәтижелері бойынша 240 қағидаларға сәйкес оң сараптама қорытындысын немесе теріс сараптама қорытындысын беруге;

7) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы берілгеннен кейін мемлекеттік инвестициялар есебінен әзірленген үлгілік жобаларды және жаңа құрылыс объектілерінің жобаларын Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінің каталогында орналастыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Шарттың талаптарынан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

2.4. Орындаушы келесі құқықтарға ие:



- 1) Тапсырыс берушіден Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты сұрату және алу және оларды Тапсырыс берушінің ұсыну мерзімдерін белгілеу;
- 2) 240 қағидаларда белгіленген тәртіппен және жағдайларда бұрын берілген сараптама қорытындысын кері қайтарып алуға.
- 3) мемлекеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын Құжаттама бойынша құрылыс объектісі туралы жалпы ақпаратты Орындаушының Интернет желісіндегі жаңалықтар арналарында және бұқаралық ақпарат құралдарында (тапсырыс беруші, жоба әзірлеушісі туралы ақпаратты, эскиз, құрылыс объектісінің орналасқан жерін, негізгі техникалық сипаттамаларын, берілген оң қорытынды туралы ақпаратты) жариялауға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және Шарттың талаптарынан туындайтын өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Жұмыстарды қабылдау және тапсыру тәртібі

3.1. Орындаушы сараптама қорытындысына тіркеу нөмірін берген күні
Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын аяқтау күні болып табылады.

3.2. Осы Шарт бойынша сараптама нәтижесін тексеруі және қабылдауы
сараптама жұмысын қабылдауды куәландыратын тіркеу нөмірі мен сараптама қорытындысының күнін көрсете отырып Тапсырыс берушінің хабарламаны алуы болып табылады.

Хабарламада орындалған сараптама жұмысының кемшіліктерін жою бойынша кейіннен талап қою мүмкіншілігі міндетті түрде көрсетіледі.



3.3. Орындаушы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстың электрондық актісін Тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жібереді. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың электрондық актісін бекіткеннен кейін Орындаушы қолданыстағы зағнамаға сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық шот-фактураны жазып береді.

3.4. Тапсырыс беруші Орындаушы орындалған жұмыстың электрондық актісін ресімдегені туралы мемлекеттік сатып алудың веб-порталында хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оған электрондық-цифрлық қолтаңбасын қояды.

3.5 Сараптама жұмыстарының аяқталу мерзімі келесі қаржы жылына белгіленген шарттар бойынша, Тараптар орындалған жұмыстардың аралық электрондық актісіне ағымдағы қаржы жылында қол қояды.

3.6. Сараптама қорытындысын беру Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған кейін Портал арқылы жүзеге асырылады.

4. Шартты бұзу

4.1. Осы Шарт келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

1) Орындаушының сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың актілерін, сондай-ақ 240 Қағидалардың 52-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сот актілерін алуы;

2) Тапсырыс берушінің Шартты бұзу қажеттілігі туралы шешім қабылдауы.



3) Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде авансты төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайларда.

4.2. Шарттың 4.1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда,

Орындаушы аталған актілерді алған күннен бастап сараптама жұмыстарын тоқтатады

және 3 (үш) жұмыс күні ішінде 163 қағидаларға сәйкес орындалған жұмыстардың көлемін және құнын анықтап, Тапсырыс берушіге шартты бір жақты бұзу туралы ресми хабарламаны орындалған жұмыстар актісімен қоса жолдайды. Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша орындалған жұмыстар актісі мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы Тапсырыс берушіге жолданады.

Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қоюға және Орындаушы Тапсырыс берушіге қол қою үшін орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Орындаушыға орындалған жұмыстар үшін түпкілікті есеп айырысуды жүргізуге міндетті.

Орындаушы Шартты орындаудан біржақты бас тартуды жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң Шарт өз күшін тоқтатады. Шартты бұзу Тапсырыс берушінің Орындаушымен түпкілікті есеп айырысу міндетін жоққа шығармайды.

4.3. Шарттың 4.1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайда,

Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың бұзылғаны туралы ресми хабарлама жібереді.

Орындаушы Тапсырыс берушіден Шартты бұзу туралы хабарламаны алған

күннен бастап сараптама жұмыстарын тоқтатады және 3 (үш) жұмыс күні ішінде



163 қағидаларға сәйкес орындалған жұмыстардың көлемі мен құнын айқындайды, Шартты бұзу туралы келісімнің жобасын және орындалған жұмыстардың актісін жасайды және Портал арқылы Тапсырыс берушіге жібереді. Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша орындалған жұмыстар актісі Тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жіберіледі.

Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстар актісіне және Шартты бұзу туралы келісімге қол қоюға, сондай-ақ Орындаушы орындалған жұмыстар актісін жасаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Орындаушыға орындалған жұмыстар үшін түпкілікті есеп айырысуды жүргізуге міндетті.

Шартты бұзу Тапсырыс берушінің Орындаушыға орындалған жұмыстар үшін түпкілікті есеп айырысу жүргізу міндетін жоққа шығармайды.

4.4. Егер Тапсырыс берушінің Шарттың 4.1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Шартты бұзу жөніндегі ресми өтініші Орындаушы сметалық құжаттаманы қарастырып жатқан кезеңде ұсынылған болса, онда Шарт бұзылмайды және Орындаушы шарттық міндеттемелерді толық орындауға тиіс.

4.5. Шарттың 4.1-тармағының 3) тармақшасында белгіленген жағдайда, егер Тапсырыс беруші Шарттың мерзімі аяқталатын күнге дейін 46* жұмыс күнібұрын аванстық төлем жүргізбесе, сондай-ақ егер аванстық төлем Шарттың қолданылу мерзімі аяқталатын күнге дейін 46* жұмыс күнінен кешіктірілсе, онда Шартта белгіленген сараптама жұмыстарын жүргізу мерзімін ескере отырып, Орындаушының Шарттың мерзімі шегінде Шартты орындауы мүмкін болмау себебі бойынша Шарт бұзылады. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушіге тиісті хабарлама



жібереді және Орындаушы Шартты орындаудан біржақты бас тартуды жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткен соң Шарт өз күшін тоқтатады.

Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімді бұза отырып төлеген авансты Орындаушы Тапсырыс берушіге толық көлемде қайтарады.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Құжаттамаға сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін, оның кінәсінен жіберілген, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін орындамаған немесе тиісті ретімен орындамаған міндеттемелер сомасынан Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімақы) өндірітіп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

5.2. Тұрақсыздық айыбы (өсімақы) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

5.3. Тапсырыс берушінің орындалған сараптама жұмыстары үшін түпкілікті төлем бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Орындаушы төленбеген сомасының 0,1% мөлшерінде, міндеттемені толық орындау сәтіне дейін мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ Шарт Бағасының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) өндіріп алуға құқылы.

6.Тараптардың қолдары

Тапсырыш беруші:

«Aqtobe su-energy group» акционерлік қоғамы»

Лауазымы: Сумен жабдықтау және кәріз су бұру жөніндегі бас инженер

АЗАМАТ ДАНИЯР ҚУАНЫШЕВИЧ



Осы құжат «Электрондық құжат және Электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Орындаушы:

«Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)»

Лауазымы: Бас директор

КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ

Шартқа № 2 қосымша

Приложение № 2 к Договору № от

Техникалық ерекшелік / Техническая спецификация

№	Атауы (қысқаша сипаттамасы)/Наименование (краткая характеристика)	Өлшем бірлігі/Ед. изм.	Саны/кол-во	ҚҚС есепке алғанда бірлік үшін бағасы, теңге / Цена за единицу, теңге с учетом НДС	ҚҚС есепке алғанда жалпы сомасы, теңге/Общая сумма, с учетом НДС, теңге
---	---	------------------------	-------------	--	---



ЖЖ(ТЭН,Ж)
 ведомстводан тыс кешенді сараптамасы
 бойынша сараптама жұмыстары
 /Экспертные работы по комплексной
 вневедомственной экспертизе
 РП(ТЭО,П) Қазақстан Республикасы
 Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026
 жылғы 15 мамырдағы №240 бұйрығымен
 бекітілген, Жаңа ғимараттар
 мен құрылыс жайларды, олардың
 кешендерін, инженерлік
 және көлік коммуникацияларын
 салуға, сондай-ақ бұрыннан
 барын өзгертуге
 (реконструкциялауға, кеңейтуге,
 техникалық қайта
 жарақтандыруға, жаңғыртуға
 және күрделі
 жөндеуге) арналған
 жобаларға ведомстводан
 тыс кешенді сараптама
 жүргізу /проведение
 комплексной вневедомственной
 экспертизы в соответствии
 с Правилами проведения
 комплексной вневедомственной
 экспертизы проектов
 строительства, предназначенных
 для строительства
 новых, а также изменения
 (реконструкции, расширения,
 Технического перевооружения,
 Модернизации и капитального
 ремонта) существующих
 зданий и сооружений,
 их комплексов,
 инженерных и транспортных
 коммуникаций, утвержденных
 приказом Министра
 промышленности и строительства
 Республики Казахстан от
 15 мая 2026 года № 240.

1	жұмыс/ работа	1	3 454 135,48	3 454 135,48
---	------------------	---	--------------	--------------

Барлығы/Итого

3 454 135,48

Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын салуға

Тапсырыш беруші:

«Aqtobe su-energy group» акционерлік қоғамы»

Лауазымы: Сумен жабдықтау және кәріз су бұру жөніндегі бас инженер

АЗАМАТ ДАНИЯР КУАНЫШЕВИЧ



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Орындаушы:

«Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)»

Лауазымы: Бас директор

КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
 Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2026 қаржылық жыл												
	"Aqtobe su-energy group" акционерлік қоғамы	Сараптама / сынаулар / тестілеу өткізу бойынша жұмыстар	Сараптау/саралау/сынау жұмыстарын өткізу	"Ақтөбе қаласының жаңа ҚҚС-11.1 салу арқылы ҚҚС-11 реконструкциялау" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу	Жұмыс	1	3 454 135.48	Сараптама жұмысы басталған күннен бастап 45 жұмыс күні	Сараптама жұмысы басталған күннен бастап 45 жұмыс күні	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Астана ауданы Ақтөбе қаласы, Санқибай батыр даңғылы, 24Г (1)	100	3 454 135.48

Электронный договор №

**на проведение комплексной вневедомственной экспертизы по рабочему проекту
"Реконструкция КНС-11 со строительством новой КНС-11.1. г.Актобе"**

г.Астана

Акционерное общество "Aqtobe su-energy group", именуемое в дальнейшем «Заказчик», от имени которого выступает Главный инженер по водоснабжению и водоотведению АЗАМАТ ДАНИЯР КУАНЫШЕВИЧ, действующий на основании Доверенности №138 от 5 января 2026 года, с одной стороны и Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»), именуемое в дальнейшем «Исполнитель», от имени которого выступает Генеральный Директор КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ., действующего на основании Устава с с другой стороны, совместно именуемые как «Стороны», в соответствии с подпунктом 25) пункта 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках», на основании письма Заявки от 03 августа 2026 года №1-03/03118_ заключили настоящий договор (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1. Предмет Договора

